Қазақстан Республикасының
денсаулық сақтау министрлігі
«Ақтөбе облысының денсаулық
сақтау басқармасы» ММ
ШЖҚ «Қобда аудандық
ауруханасы» МКК

Министерство здравоохранения
Республики Казахстан
ГУ «Управление здравоохранения
Актюбинской области»
ГКП «Кобдинская районная
больница» на ПХВ

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

№ 8 -н/к § 2 «22» 01 2026 жыл

Қобда ауылы

**«Мемлекеттік сатып алуды
бір көзден алу тәсілімен
тікелей шарт жасасу арқылы
жүзеге асыру туралы»**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңының (бұдан әрі - Заң) 16 – бабының 4, 5, 6 тармақтарына сәйкес және Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 506, 507, 508 және 509 тармақтары негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Келесі тауар, жұмыс, қызметтерді, тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен сатып алынсын:
   1.1. Заңның 16 бабының 3 тармағының 28 тармақшасымен – «БАҚ қызметтері» қызметі;
   1.2. Заңның 16 бабының 3 тармағының 8 тармақшасымен – «Қобда АА медицина қызметкерлерінің кәсіби жауапкершілігін бірлесіп сақтандыру» қызметі;
2. Заңның 5 бабының 1 тармағының 1 тармақшасын негізге ала отырып жұмыстарды жасайтын өнім берушіге келісім шарт жіберілсін.
3. Мемлекеттік сатып алу жөніндегі есепші Тураров А.И. мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті жұмыстарды жүргізсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме жүктеймін.
5. Осы бұйрық қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

Басшының м.а. **Р.У. Досаев**